

Қазақстан Республикасының
Президенті

ЖАРЛЫҚ



Президент
Республики Казахстан

ҮКАЗ

Қазақстан Республикасы Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында
жариялануға тиіс

**«Қазақстан Республикасы Президентінің жанында
Шетелдік инвесторлар кеңесін құру туралы» Қазақстан Республикасы
Президентінің 1998 жылғы 30 маусымдағы № 3985 Жарлығына
өзгеріс енгізу туралы**

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. «Қазақстан Республикасы Президентінің жанында Шетелдік инвесторлар кеңесін құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 30 маусымдағы № 3985 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1998 ж., № 18, 156-құжат; 2000 ж., № 17, 168-құжат; 2003 ж., № 45, 486-құжат; 2007 ж., № 14, 160-құжат; 2011 ж., № 30, 366-құжат; 2012 ж. № 10, 189-құжат; № 36, 476-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі туралы ереже осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н.Назарбаев



Астана, Ақорда, 2013 жылғы 24 шілде

№ 603

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2013 жылғы 24 шілдедегі
№ 603 Жарлығына
ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1998 жылғы 30 маусымдағы
№ 3985 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасы Президентінің жаңындағы
Шетелдік инвесторлар кеңесі туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. Шетелдік инвесторлар кеңесі (бұдан әрі – Кеңес) Қазақстан Республикасы Президентінің жаңындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Кеңес қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері, сондай-ақ осы Ереже құрайды.

3. Кеңестің қызметін қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Кеңестің жұмыс органды жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігінің Инвестициялар комитеті Кеңестің жұмыс органды (бұдан әрі – Кеңестің жұмыс органды) болып табылады.

2. Кеңестің негізгі міндеттері

5. Кеңестің негізгі міндеті:

Қазақстан Республикасының инвестициялық саясатының негізгі бағыттарын айқындау;

Қазақстан Республикасындағы инвестициялық ахуалды жақсарту;

Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы нормативтік құқықтық базасын жетілдіру;

Қазақстан Республикасының экономикасын әртараптандыруға, өнеркәсіптік секторын индустриаландыруға, шағын және орта бизнесін дамытуға шетелдік компаниялардың жәрдемдесуі;

Қазақстан Республикасының экономикасын әлемдік экономикалық процестерге интеграциялау;

Қазақстан Республикасының экономикасына шетелдік инвестицияларды тарту стратегиясы;

Қазақстан Республикасының халықаралық маңызы бар ірі инвестициялық бағдарламалары мен жобаларын іске асыру мәселелері бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар өзірлеу болып табылады.

3. Кеңестің құрамы

6. Қазақстан Республикасының Президенті Кеңестің төрағасы болып табылады.

7. Лауазымы бойынша: Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарлары, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі, Қазақстан Республикасының Индустрія және жаңа технологиялар министрі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрі, Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі және Кеңестің жұмыс органдының бірінші басшысы Кеңестің тұрақты мүшелері болып табылады.

8. Кеңестің құрамына Қазақстан Республикасының Президенті айқындастырылған Қазақстан Республикасының өзге де лауазымды адамдары кіре алады.

9. Кеңестің шетелдік тараптан құрамы осы Ережеде айқындалған тәртіппен халықаралық экономикалық және қаржы үйымдарының (бұдан әрі – халықаралық үйымдар) өкілдері, шетелдік компаниялардың бірінші басшылары немесе олардың орынбасарлары (бұдан әрі – Кеңестің шетелдік мүшелері) қатарынан құрылады.

10. Кеңестің өзіне жүктелген міндеттерін тиімді орындаудына жәрдемдесу мақсатында Кеңестің операциялық қызметі жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады.

11. Кеңестің дербес құрамын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

4. Кеңеске мүшелікке өтінімдер беру және қарau тәртібі

12. Кеңестің құрамына қабылдану үшін халықаралық үйымдардың, шетелдік компаниялардың өкілдері (бұдан әрі – үміткерлер) жұмыс органдына осы Ережеге қосымшада белгіленген нысан бойынша өтінім береді.

13. Халықаралық үйымдардың және шетелдік компаниялардың, олар ұсынған үміткерлердің Қазақстан Республикасының экономикасына жер қойнауын пайдалану саласында жұмыс істейтін инвесторлар үшін кемінде 500 миллион АҚШ долларына және экономиканың өзге де секторларындағы

инвесторлар үшін кемінде 125 миллион АҚШ долларына баламалы сомада тікелей инвестициялар салуы Кеңестің мүшелігіне қабылдану үшін негізгі өлшем болып табылады.

Қазақстан Республикасының экономикасында қолайлы инвестиациялық ахуал қалыптастыру және инвестиациялық процестерді жандандыру жөніндегі жұмысқа белсенді қатысатын халықаралық және өзге де ұйымдардың, банктердің өкілдері де Кеңестің мүшелері бола алады.

14. Кеңестің мүшелігіне қабылдау туралы өтінімдерді қарау кезінде, сонымен қатар:

- 1) Кеңестің жұмыс топтарының қызметіне байқаушы мәртебесінде қатысуы;
- 2) халықаралық ұйымның немесе шетелдік компанияның тәжірибесі мен іскерлік беделі;
- 3) Қазақстан Республикасының экономикасы мен әлеуметтік саласын дамыту үшін халықаралық ұйым немесе шетелдік компания қызметінің маңыздылығы;
- 4) Қазақстан Республикасының әлеуметтік міндеттерін және экологиялық сипаттағы міндеттерін шешуге қатысуы, Қазақстан Республикасының аумағындағы демеушілік және қайырымдылық қызметі;
- 5) Қазақстан Республикасындағы инвестиациялық қызметті стратегиялық кеңейтуге әзірлігі;
- 6) шет елдерде Қазақстан Республикасының инвестиациялық имиджін арттыру жөніндегі жұмысқа қатысуы;
- 7) Қазақстан Республикасында тіркелген өнеркәсіптік және іскерлік қауымдастырудың, мемлекеттер елшіліктерінің ұсынымдары;
- 8) Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының басым салаларындағы халықаралық ұйымның немесе шетелдік компанияның қызметі ескеріледі.

15. Жұмыс органды өтінімдерді олардың келіп тусу кезектілігі тәртібімен қарайды және олар осы Ереженің 13 және 14-тармақтарында белгіленген өлшемдерге сай келген жағдайда, Комиссияның қарауына шығарылады.

16. Егер Кеңестің жұмыс органдының ұсынымына сәйкес үміткер осы Ереженің 13 және 14-тармақтарында белгіленген өлшемдерді қанағаттандырмаған, бірақ оларды орындауға әлеуеті мен ниеті бар болған жағдайда, үміткердің өтінімі байқаушылар құрамына қосу үшін Комиссияның қарауына енгізілуі мүмкін.

17. Комиссия шешімі оң болған жағдайда, үміткер Кеңестің құрамына енгізу үшін Кеңестің төрағасына ұсынылады немесе Кеңестің байқаушылар құрамына енгізіледі.

5. Кеңестің операциялық қызметі жөніндегі комиссия

18. Кеңеске жүктелген міндеттерді тиімді орындауға жәрдемдесу Комиссияның негізгі міндеті болып табылады. Комиссияның құрамы Кеңестің

жұмыс органдының ұсынысы және Комиссия құрамына қосылуға үміткерлердің барлығының келісімі бойынша Комиссия төрағасының шешімімен бекітіледі.

19. Комиссия қазақстандық тараптан алты өкілден және шетелдік тараптан алты өкілден тұрады.

Қазақстандық тараптан лауазымы бойынша: Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының әлеуметтік-экономикалық даму мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары (Комиссия төрағасы), Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары, Қазақстан Республикасының Индустрія және жаңа технологиялар вице-министрі, Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі, Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі, Кеңестің жұмыс органдының бірінші басшысы (Комиссия хатшысы) Комиссия мүшелері болып табылады.

20. Комиссия отырыстары жылына еki реттен жиі өткізілмейді. Комиссияның шешімдері көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тен бөлінген жағдайда, Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

21. Комиссия Қазақстан Республикасының Президентіне Кеңестің шетелдік тараптан құрамы, Кеңес қызметтінің тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар тұжырымдайды, осы Ереженің 6-тарауында айқындалған тәртіппен Кеңес байқаушыларының, Кеңестің жұмыс тобының қазақстандық және шетелдік тараптарынан құрамдарын, Кеңес отырыстарын дайындау және өткізу тәртібін, жылдық жұмыс жоспарларын, Кеңестің жұмыс топтары туралы есептерді және ережелерді бекітеді, жұмыс топтарының тиімділігін, сондай-ақ Кеңес мүшелерінің және Кеңес мақсаттары үшін оларға тиісті компаниялардың жұмыс топтары қызметтін бағалауды жүзеге асырады, бірыңғай ұсынымдар тізбесіне (бұдан әрі – бірыңғай ұсынымдар тізбесі) ресімделетін Кеңестің жұмыс тобы әзірлейтін Кеңеске ұсынымдарды келіседі.

6. Байқаушылар

22. Байқаушылар Кеңестің мүшелері болып табылмайды.

23. Байқаушылардың құрамы Комиссияның шешімімен бекітіледі.

24. Байқаушылар Кеңестің аралық және жалпы отырыстарына қатыса алады, сондай-ақ жұмыс органдымен келісім бойынша баяндама жасай алады.

25. Байқаушылар Кеңестің кемінде бір жұмыс тобының жұмысына белсенді қатысуға, Қазақстан Республикасының жағымды инвестициялық ахуалын қалыптастыруға және беделін жақсартуға үлес қосуы тиіс.

7. Кеңестің шетелдік мүшелерін шығару немесе ауыстыру тәртібі және Кеңес құрамынан шетелдік мүшені шығару үшін негіздемелер

26. Кеңестің шетелдік мүшелерін шығару немесе ауыстыру туралы мәселені қарау кезінде мыналар назарға алынады:

1) Кеңестің жалпы отырыстарына Кеңестің шетелдік мүшелерінің өздерінің қатысуы;

2) Кеңестің шетелдік мүшелері тұрақты өкілдерінің Кеңестің бірлескен жұмыс топтарының қызметіне өздерінің және белсенді түрде қатысуы;

3) Кеңестің шетелдік мүшелерінің Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауы;

4) Кеңестің шетелдік мүшелерінің Қазақстан Республикасы экономикасының дамуына, бірінші кезекте Қазақстан Республикасының экономикасын әртаратандыру жөніндегі шараларды іске асыруға қатысуы.

27. Шетелдік мүшені Кеңестің құрамынан шығару үшін:

1) Кеңестің шетелдік мүшесінің Кеңестегі өз қызметін тоқтату туралы жазбаша өтініші;

2) өкілі Кеңестің шетелдік мүшесі болып табылатын халықаралық ұйымның немесе шетелдік компанияның Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қызметін тоқтатуы.

28. Шетелдік мүшені Кеңестің құрамынан шығару үшін Комиссияның ұсынымдары да негіздеме болуы мүмкін.

8. Кеңестің бірлескен жұмыс топтары

29. Кеңеске Кеңестің жалпы отырыстарының хаттамалық тапсырмаларын орындау, инвестициялық саясатты жетілдіру, Қазақстан Республикасының инвестиациялық ахуалын жақсарту, жергілікті қамтуды дамыту, Қазақстанның индустриялық-инновациялық дамуы мәселелеріне және Қазақстанға инвестицияларды жүзеге асыратын компаниялардың операциялық қызметі мәселелеріне шетелдік инвесторлардың жәрдемдесуі бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар жасау мақсатында Комиссияның шешімдерімен Кеңестің жұмыс топтары құрылуы мүмкін.

30. Барлығы Кеңестің 4-тен аспайтын жұмыс тобы құрылуы мүмкін.

31. Жұмыс топтары туралы ережелерді, Кеңестің бірлескен жұмыс топтарының қазақстандық және шетелдік тараптардан құрамдарын, жылдық жұмыс жоспарларын және есептерін Комиссия бекітеді.

32. Кеңестің бірлескен жұмыс топтарының қызметіне жалпы басшылықты Комиссияның жұмыс топтарының құрамдары шеңберінде Комиссия бекітетін қазақстандық және шетелдік тараптардан тең төрағалар жүзеге асырады.

Осы жұмыс тобының қызметімен байланысты мәселелерге жетекшілік ететін министрлік басшысының орынбасарынан төмен емес деңгейдегі лауазымды адам бірлескен жұмыс тобының қазақстандық тараптан тең төрағасы бола алады.

Басшыларының бірі Кеңестің мүшесі болып табылатын халықаралық ұйымның немесе шетелдік компанияның қазақстандық өкілдігінің басшысы немесе осы басшылықтың басқа лауазымды адамы бірлескен жұмыс тобының шетелдік тараптан тең төрағасы бола алады.

33. Кеңестің бірлескен жұмыс топтарының құрамдарына Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының, халықаралық ұйымдардың,

бірлескен кәсіпорындардың, қазақстандық және шетелдік компаниялардың өкілдері кіруі мүмкін.

34. Жұмыс топтары Кеңеске бірыңғай тізбе түрінде ресімделетін ұсынымдар тұжырымдайды, олар алдын ала Кеңестің аралық отырыстарында талқыланады, Комиссиямен келісіледі, қаралады және Кеңестің жалпы отырыстарының хаттамаларымен бекітіледі.

35. Кеңестің бірлескен жұмыс топтарының жұмысына қатысу ауыстыру құқығынсыз жүргізіледі.

9. Кеңестің жұмыс тәртібі

36. Кеңестің жалпы отырыстары жылына кемінде бір рет өткізіледі.

37. Жалпы отырыстың негізгі тақырыбын, өткізілетін күні мен орнын Кеңес төрағасы айқындайды.

38. Жалпы отырыстардың күн тәртібіне негізі тақырыптан басқа 2 тұрақты мәселе енгізіледі:

1) Кеңестің алдыңғы жалпы отырысының хаттамалық тапсырмаларын орындау туралы есеп;

2) Кеңестің жұмыс топтарының жыл бойы Қазақстан Республикасында инвестициялық ахуалды жақсарту мақсатындағы инвестиациялық саясатты іске асыру, Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуына шетелдік инвесторлардың жәрдемдесуі және шетелдік инвесторлардың операциялық қызметі мәселесі бойынша жасаған ұсынымдары туралы қорытынды баяндама.

39. Кеңестің жалпы отырыстары Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқанда заңды болып табылады.

40. Кеңестің жалпы отырыстары арасындағы кезеңде Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің төрағалығымен Кеңестің аралық отырыстары өткізіледі.

41. Кеңестің аралық отырысына Кеңестің мүшелері және байқаушылары, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының басшылары, Кеңестің жұмыс топтарының тең төрағалары, сондай-ақ Кеңестің шетелдік мүшелерінің Қазақстан Республикасындағы тұрақты өкілдері қатыса алады.

42. Кеңестің аралық отырыстарында Кеңестің соңғы жалпы отырысының хаттамалық шешімдерін орындаудың алдын ала нәтижелері, шетелдік инвесторлардың ағымдағы проблемалары, Кеңестің жұмыс топтары жасаған ұсынымдар талқыланады.

43. Кеңестің жұмыс топтарының тең төрағалары аталған ұсынымдарды мәлімдейді және талқылау қорытындысы бойынша Кеңестің аралық отырысының хаттамасын және Кеңестің кезекті жалпы отырысының қарауына енгізілетін ұсынымдардың бірыңғай тізбесін дайындауда ескеріледі.

44. Қажет болған жағдайда Кеңестің жалпы және аралық отырыстарына Қазақстан Республикасының мұдделі мемлекеттік органдарының өкілдері, сондай-ақ халықаралық ұйымдар мен шетелдік компаниялардың Кеңес құрамына енбейтін өкілдері шақырылуы мүмкін.

45. Кеңестің жалпы және аралық отырыстарының қорытындылары бойынша қабылданған шешімдер бекітілетін бірынғай ұсынымдар тізбесі қоса беріле отырып, хаттамамен ресімделеді.

46. Кеңестің жұмыс органы Кеңестің жалпы отырысы өткізілген күннен бастап бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Премьер-Министрімен және мұдделі мемлекеттік органдармен келісілген Кеңестің жалпы отырысы хаттамасының жобасын енгізеді, оған аталған хаттамамен бекітілетін ұсынымдардың бірынғай тізбесі қоса беріледі.

47. Кеңестің жұмыс органы Кеңестің аралық және жалпы отырыстарының хаттамалары мен олардың қосымшаларын отырыс қатысуышыларына оған қол қойылған кезден бастап бір ай мерзімде таратуды қамтамасыз етеді.

10. Кеңестің жұмыс органы

48. Кеңестің жұмыс органы мынадай функцияларды орындайды:

- 1) Кеңестің, Кеңестің бірлескен жұмыс топтарының және Комиссияның құрамы бойынша ұсынымдар дайындау және Комиссияның қарауына енгізу;
 - 2) Кеңестің жалпы және аралық отырыстарын ұйымдастыру және өткізу;
 - 3) бірлескен жұмыс топтарының қызметтің үйлестіру;
 - 4) Кеңестің, оның бірлескен жұмыс топтарының және Комиссияның хаттамалық шешімдерін орындау мониторингін жүргізу.
-

Қазақстан Республикасы Президентінің
1998 жылғы 30 маусымдағы № 3985
Жарлығымен бекітілген
Қазақстан Республикасы Президентінің
жанындағы Шетелдік инвесторлар
кеңесі туралы ережеге
ҚОСЫМША

**Кеңеске мүшелікке қабылдау үшін
ӨТІНІМ**

1. Халықаралық ұйымның/шетелдік компанияның атауы:

2. Почта мекенжайы:

3. Шыққан елі:

4. Халықаралық ұйымның/шетелдік компанияның қызметіне жалпы сипаттама (қызмет саласы, іскерлік беделі).

5. Халықаралық ұйымның/шетелдік компанияның Қазақстанда инвестициялық жобаларды іске асыруға қатысусы туралы ақпарат.

6. Қазақстан Республикасының экономикасына салынған тікелей инвестициялардың көлемі.

7. Қазақстан аумағындағы жиынтық айналым, өндіріс көлемі.

8. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне халықаралық ұйымның/шетелдік компанияның қызметінен түсетін түсімдер.

9. Кеңестің бірлескен жұмыс топтарының қызметіне қатысу.

10. Халықаралық ұйымның/шетелдік компанияның Қазақстан Республикасының әлеуметтік міндеттерін және экологиялық сипаттағы міндеттерін шешуге қатысусы, Қазақстан Республикасының аумағындағы демеушілік және қайырымдылық қызмет.

11. Қазақстандық қызметкерлердің саны және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі іс-шаралар.

12. Шет елдерде Қазақстан Республикасының инвестициялық имиджін арттыру жөніндегі іс-шараларға қатысусы туралы ақпарат.

13. Үміткердің Т.А.Ә.: _____.

14. Лауазымы: _____.

15. Кесіптік қызметі: _____.

16. Халықаралық ұйымда/шетелдік компанияда жұмыс істеу мерзімі:

17. Қоса беріліп отырған құжаттар (Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарының, Қазақстан Республикасында аккредиттелген

өнеркәсіптік және іскерлік қауымдастықтардың, мемлекеттер елшіліктерінің ұсынымхаттары): _____.